 - (егер клирингілік қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және жұмыс істейтін екінші деңгейдегі банк болып табылса) клирингілік қатысушының бірінші басшысы қол қойған клирингілік қатысушының есепті жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелерінде белгіленген тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкестігі туралы растау хаты;
 - (егер клирингілік қатысушы Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған және жұмыс істейтін екінші деңгейдегі банк болып табылса) клирингілік қатысушының бірінші басшысы қол қойған осы мемлекеттің банк қызметін реттеу жөніндегі органы есепті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша белгілеген тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын ең төменгі талаптарға клирингілік қатысушының сәйкестігі туралы растау хаты.
 - (егер клирингілік қатысушы бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және жұмыс істейтін инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым болып табылса) есепті жылдағы тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау жөніндегі жыл сайынғы есеп;
 - (егер клирингілік қатысушы бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті не Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған және жұмыс істейтін инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым болып табылса) клирингілік қатысушының бірінші басшысы қол қойған клирингілік қатысушының есепті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша осы мемлекеттің осы қызметті реттеу жөніндегі органы белгілеген тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкестігі туралы растау хаты.

Мәліметтер осы Қағидаға 8-қосымшаның нысаны бойынша жасалған тәуекелдерді басқару жүйесінің өзін-өзі бағалау картасын, сондай-ақ клирингілік қатысушының тәуекелдерді басқару жүйесінің IOSCO ұсынымдарына немесе уәкілетті органның немесе АХҚО реттеуші органының қолданылатын нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалауға мүмкіндік беретін өзге де құжаттарды қамтуы тиіс.

3. Клиринг орталығының алдында ақпаратты ашу шеңберінде клирингілік қатысушылар (шетелдік клирингілік қатысушыларды, оның ішінде электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушыларды және АХҚО қатысушылары болып табылатын клиринг қатысушыларын қоспағанда) Клиринг орталығына осы Қағиданың 9-қосымшасына сәйкес құжаттар мен ақпаратты осы қосымшада белгіленген мерзімде және форматтарда беруге міндетті.
4. Клиринг орталығының алдында ақпаратты ашу шеңберінде электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушыларды қоспағанда, оның шетелдік клирингілік қатысушылары, сондай-ақ АХҚО қатысушылары болып табылатын клирингілік қатысушылары Клиринг орталығына осы қосымшада белгіленген мерзімдерде және форматтарда осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес құжаттар мен ақпаратты беруге міндетті.
5. Тізбесі осы Қағидаға 9 және 10-қосымшаларда белгіленген құжаттарды Клиринг орталығы мен биржаның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы Клиринг орталығы алуы мүмкін. Бұл жағдайда клирингілік қатысушылардың құжаттарды қайта ұсынуы талап етілмейді. Клиринг орталығы клирингілік қатысушыларды көрсетілген құжаттарды биржадан алу мүмкіндігі (мүмкіндігінің болмауы) туралы хабардар етеді.
6. Клирингілік қатысушылардың мониторингін жүзеге асыру мақсатында Клиринг орталығы клирингілік қатысушыдан, оның ішінде электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушыдан және/немесе тіркеген биржадан (клирингілік қатысушы – электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушы бойынша) Клиринг орталығының пікірі бойынша клирингілік қатысушының іскерлік беделіне елеулі әсер етуі мүмкін және (немесе) оның Клиринг орталығы алдындағы міндеттемелер бойынша жауап беру қабілеті қосымша ақпарат сұратуға құқылы.
7. Клирингілік қатысушы және оның қызметі туралы осы Қағидаға сәйкес Клиринг орталығына ұсынуға жататын ақпараттың толықтығы, дәлдігі, дұрыстығы және езектілігі үшін клирингілік қатысушы жауапты болады.

Клирингілік қатысушы – электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушы бойынша көрсетілген жауапкершілікті қатысушының өзі және оны тіркеген биржа көтереді.
8. Клирингілік қатысушының осы бапта берілуі көзделген ақпаратты бермеу, уақтылы бермеу немесе жасыру жағдайлары анықталған кезде (бұдан әрі осы тармақта – бұзушылық) Клиринг орталығы мынадай шаралар қабылдайды:
 - 1) бір рет бұзушылық болған кезде – клирингілік қатысушының бірінші басшысының атына ақпаратты ашу туралы ресми сұрау салу жібереді;
 - 2) күнтізбелік жыл ішінде қайталап бұзылған жағдайда – клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру туралы мәселені қарайды. Клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру және қалпына келтіру осы Қағидада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады;
 - 3) бірнеше рет (күнтізбелік жыл ішінде үш және одан да көп) бұзушылықтар кезінде – ашылмаған ақпараттың сипатына қарай қандай да бір нарықта клирингілік қызмет көрсетуді тоқтату туралы немесе клирингілік қатысушыны осы Қағидада белгіленген тәртіппен осы мәртебеден айыру туралы мәселені қарайды.
9. Егер оның "Ақпаратты ашу ережелері" атты ішкі құжатында өзгеше белгіленбесе, осы бапқа сәйкес ашуға жататын ақпаратты Клиринг орталығы тұлғалардың шектелмеген тобы үшін жариялауға жатпайды.

Бұл ретте клирингілік қатысушы, егер осы ақпарат заңмен қорғалатын құпия болып табылмаса және осы Қағидаға немесе клирингілік қатысушының өзге де ішкі құжаттарына сәйкес ашылуға жататын болса, осы Қағидаға немесе өзге де ішкі құжаттарға сәйкес алынған ақпаратты тарату жөніндегі Клиринг орталығының іс-әрекетіне тыйым салуға немесе шектеуге құқылы емес.
10. Клиринг орталығы клирингілік қатысушыдан алынған ақпаратты ашқан жағдайда Клиринг орталығы:

- 1) клирингілік қатысушының және/немесе оны тіркеген биржаның оның негізінде мүдделі тұлғалардың осы клирингілік қатысушы туралы дұрыс емес түсінігі қалыптасуы мүмкін толық емес, дәл емес, дәйексіз және өзекті емес ақпарат беруі;
- 2) клирингілік қатысушының ақпаратты жасыруы;
- 3) клирингілік қатысушыға қатысты ақпаратты, өзінің дербес деректерін ашуға жазбаша келісім бермеген адамдардың дербес деректерін, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе клирингілік қатысушының ішкі құжаттарға сәйкес көпшілікке таратуға жатпайтын өзге де ақпаратты ашу жөніндегі талаптарды орындау шеңберінде ұсынылған құжаттардың мазмұны үшін жауап бермейді.

16-бап.

Клирингілік алымдар және Клиринг орталығының пайдасына өзге де төлемдер

1. Клирингілік қатысушылар Клиринг орталығы клирингілік қызметті және орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын мәмілелер үшін Алымдар туралы қағидада белгіленген мөлшерде және тәртіппен клирингілік алымдар төлейді.
2. Клиринг орталығы Алымдар туралы қағидада белгіленген мөлшерлемелер бойынша клиринг ережелеріне сәйкес дефолтты реттеу шеңберінде клирингілік қатысушы атынан Клиринг орталығы жасаған орталық контрагентпен мәмілелер үшін клирингілік алымдарды алады.
3. Клирингілік қатысушы мәртебесінен айырылған кезде бұрын төленген клирингілік алымдар және Алымдар туралы қағидада көзделген Клиринг орталығының пайдасына өзге де төлемдер қайтаруға жатпайды.
4. Клирингілік қатысушы қолданылатын ішкі құжаттардың нормаларын бұзған кезде клирингілік қатысушы Алымдар туралы қағидада немесе Қызмет көрсетілетін нарықтарда есеп айырысу жүргізу қағидасын анықтайтын ішкі құжаттарда көзделген тұрақсыздық айыбын төлейді.
5. Клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру клирингілік қатысушыны Алымдар туралы қағидада немесе қызмет көрсетілетін нарықтарда есеп айырысу жүргізу ережелерін анықтайтын ішкі құжаттарда көзделген клирингілік алымдарды және Клиринг орталығының пайдасына өзге де қолданылатын төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерден босатпайды.
6. Ұйымды клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру мұндай тұлғаны клирингілік қатысушы мәртебесіне ие болған кезеңде есептелген клирингілік алымдарды, сондай-ақ Клиринг ережелеріне сәйкес дефолттарды реттеу шеңберінде клирингілік қатысушының атынан жасалған мәмілелер үшін есептелген алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерден босатпайды.

17-бап.

Клирингілік қатысушының жауапкершілігі

1. Клирингілік қатысушының Клирингілік ережелерде, осы Қағидада (оның ішінде оған қосымшаларда) және оның клирингілік қызметіне қатысты өзге де ішкі құжаттарда белгіленген өз міндеттемелерін кез келген орындамауы (тиісінше орындамауы) осындай құжаттарда белгіленген тәртіппен реттелуге тиіс.
2. Тұрақсыздық айыбы клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін Клиринг ережелерінде, осы Қағидада (оның ішінде оған қосымшаларда) және өзге де ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен есептеледі және осындай құжаттарда белгіленген тәртіппен төленуге тиіс.

18-бап.

Клиринг орталығының жауапкершілігі

1. Орталық контрагентпен мәмілелер бойынша Клиринг орталығы басқа клирингілік қатысушылардың Клиринг орталығы алдындағы міндеттемелерін орындауына

қарамастан, әрбір адал клирингілік қатысушы алдындағы міндеттемелерді Клиринг ережелерінде белгіленген тәртіппен және шектеулерді ескере отырып орындауға кепілдік береді.

2. Орталық контрагенттің қатысуынсыз мәмілелер бойынша Клиринг орталығы Клиринг ережелерінде белгіленген тәртіппен қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қатысушылардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етеді. Бұл ретте Клиринг орталығы осындай мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету немесе кепілдік беру бойынша өзіне міндеттемелер қабылдамайды, сондай-ақ клирингілік қатысушылардың міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

Клирингі орталық контрагенттің қатысуынсыз жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуы үшін осындай мәмілелерді жасасқан тараптар жауапты болады.

3. Клиринг орталығы өзі қабылдаған бақылау шеңберінен тыс, сондай-ақ мынадай жағдайлар немесе оқиғалар нәтижесінде:

- 1) еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажор жағдайларының) немесе Клиринг орталығының жауапкершілік аймағынан тыс өзге де оқиғалардың туындауы себебінен іркіліс туындаған кезде;
- 2) техникалық проблемалар, бағдарламалық-техникалық кешендердің ішінара немесе толық операциялық тұрақсыздығы, сауда, клиринг және есеп айырысу процедураларын жүзеге асыру кезінде енгізу-шығару процедураларының қателері, билік ету, қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ұсынылған қамтамасыз етуді басқару қателері туындаған кезде;
- 3) клирингілік қатысушы өз міндеттемелерін Клиринг ережелеріне, осы Қағидаға (оның ішінде оған қосымшаларға) және оның клирингілік қызметіне қатысты өзге де ішкі құжаттарға сәйкес орындамаған (тиісінше орындамаған) кезде;
- 4) дефолттарды реттеу жөніндегі процедураларды жүзеге асыру кезінде;
- 5) клирингілік қатысушылар ақпаратты ашу жөніндегі талаптар шеңберінде ұсынатын құжаттарда толық емес не дұрыс емес ақпарат болған кезде;
- 6) мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдар клирингілік қатысушының қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетіне теріс әсер етуге қабілетті ақпаратты ұсынбаған (уақтылы ұсынбаған) кезде туындаған қандай да бір залалдар немесе шығындоо үшін жауап бермейді.

6-тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

19-бап. Келіспеушіліктер мен дауларды реттеу

1. Клиринг орталығының қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг және (немесе) есеп айырысу қызметін жүзеге асыруына байланысты клирингілік қатысушылар арасында, Клиринг орталығы мен оның клирингілік қатысушылары арасында туындайтын даулар мен жанжалдар (клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру мәселелері бойынша даулар мен жанжалдарды қоспағанда, сондай-ақ клирингілік қатысушының санаттарын белгілеу және өзгерту) келіссөздер жолымен шешілуге тиіс.
2. Реттеу тәртібі осы Қағидада және басқа да ішкі құжаттарда анықталмаған, клирингілік қатысушы мәртебесін беруге, клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұруға және қалпына келтіруге, клирингілік қатысушылардың ақпаратты ашуына және олардың Клиринг орталығында қызметті жүзеге асыруына қатысты мәселелер, егер осы мәселелер бойынша шешімдер қабылдау Басқарманың құзыретіне жатпаса, қолданылатын заңнамаға сәйкес, ал мұндай шешім мүмкін болмаған кезде – Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес шешілуге тиіс.
3. Егер келіссөздер арқылы өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мүмкін болмаса, реттелмеген дау (жанжал) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

20-бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осы Қағида және оған барлық өзгерістер және/немесе толықтырулар Клиринг орталығының интернет-ресурсында орналастыру арқылы клирингілік қатысушылардың назарына жеткізіледі.
2. Осы Қағида қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өзектендірілуге тиіс.
3. Осы Қағидаға өзгерістер мен толықтырулардың уақтылы енгізілуіне Клиринг орталығының уәкілетті бөлімшесі жауапты болады.

Басқарма Төрағасы

Н. Хорошевская

"KASE клиринг орталығы" АҚ клирингілік қатысушысы мәртебесін алу үшін кандидаттарға қойылатын**ТАЛАПТАР****1-кесте. Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары үшін**

р/с №	Талаптың атауы	Валюта нарығы	Қор нарығы, деривативтер нарығы
	1	2	3
1.	Қазақстан Республикасында заңды тұлға ретінде тіркелу	+	+
2.	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды жүзеге асыру	+	+
3.	Меншікті капиталдың мөлшері кемінде: банктер, "Қазпочта" АҚ, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар брокерлер және (немесе) дилерлер үшін ¹ – 10 000 000 000 (он миллиард) теңге; өзге брокерлер және/немесе дилерлер үшін – 250 000 000 (екі жүз елу миллион) теңге, бірақ меншікті активтерінің кемінде 8%	+	+
4.	Уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы	+	+
5.	Уәкілетті органның немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ұлттық және/немесе шетел валютасымен банк операцияларын жүргізуге, оның	+	–

¹ "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабы 1-тармағы төртінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген (заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу; жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу; аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемі мен аударымы бойынша тапсырмаларын орындау; ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарындағы банктік қарыз операциялары).

Клирингілік қатысушылар туралы қағида

р/с №	Талаптың атауы	Валюта нарығы	Қор нарығы, деривативтер нарығы
	1	2	3
	ішінде шетел валютасымен мәмілелер жасауға (айырбастау операцияларын жүзеге асыруға) қолданыстағы лицензиясының болуы не уәкілетті органның шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға (қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруды қоспағанда) қолданыстағы лицензиясы болуы		
6.	Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның қолданыстағы лицензиясы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқығы болуы	-	+
7.	"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде атқарушы органның және басқару органының мүшелерін тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісімі болуы	+	+
8.	Клирингілік қатысушыға және/немесе оның қатысушыларына / акционерлеріне / лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ түпкілікті бенефициарларға қатысты санкциялық шектеулердің болмауы	+	+

Кестеге ескертпе:

2 және 3-бағандардағы "+" бағандарда көрсетілген клирингілік қатысушыларға (клирингілік қатысушыларға) кандидаттарға қойылатын талапты білдіреді; "-" – талап бағандарда көрсетілген клирингілік қатысушыларға (клирингілік қатысушыларға) кандидаттарға қолданылмайды.

2-кесте. Шетелдік заңды тұлғалар үшін

р/с №	Талаптың атауы	Валюта нарығы	Қор нарығы, деривативтер нарығы
А.	1	2	3
1.	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ қор биржасына мүшелікке арналған "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 360 қаулысымен белгіленген талаптарға (критерийлерге) сәйкес келетін заңды тұлға болу	+	+
2.	Қолданыстағы FATF мүшесі не FATF қауымдастырылған мүшесі (байқаушысы) болып табылатын өңірлік топ мүшесі мәртебесіне ие мемлекетте құрылуы	+	+
3.	Қазақстан Республикасымен табыс пен капиталға (мүлікке) қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы халықаралық шарт (конвенция, келісім) жасасқан мемлекетте құрылу	+	+
4.	Тізбесі Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметі және қаржы нарығындағы қызметтің өзге де лицензияланатын түрлері мақсаттары үшін және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсаттары үшін анықталған оффшорлық аймақтардың ешқайсысында заңды тұлға ретінде тіркелмеу (құрылмау)	+	+
5.	IOSCO ² ұсынған не Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актісінде ³ белгіленген бағалы қағаздар нарығының брокерлері – дилерлері үшін тәуекел-менеджментін ұйымдастыру жөніндегі ережелерге өз бөлігінде сәйкес келетін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы	+	+

² "International Organization for Securities Commissions" ағылшын сөз тіркесінің аббревиатурасы – Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы. Risk Management and Control Guidance for Securities Firms and their Supervisors, A Report by the Technical Committee of the International Organization of Securities Commissions (May, 1998, 31 p., <http://www.iosco.org/library/pubdocs/pdf/IOSCOPD78.pdf>).

³ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 214 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелері.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелері.

Клирингілік қатысушылар туралы қағида

6.	Америка Құрама Штаттарында қолданылатын халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының немесе қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асыру	+	+
7.	Клирингілік қатысушыға және/немесе оның қатысушыларына/акционерлеріне/лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ түпкілікті бенефициарларға қатысты санкциялық шектеулердің болмауы	+	+
8	Меншікті капиталдың мөлшері кемінде: банктер үшін – 10 000 000 000 (он миллиард) теңге; брокерлер және/немесе дилерлер үшін – 250 000 000 (екі жүз елу миллион) теңге, бірақ меншікті активтерінің кемінде 8%	+	+
9.	Заңнамасына сәйкес клирингілік қатысушыларға кандидат құрылған мемлекеттің шетелдік реттеуші органы түсіністік, ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы IOSCO көпжақты меморандумына қол қойған не заңнамасына сәйкес клирингілік қатысушыларға кандидат құрылған мемлекеттің Standard & Poor's шәкілі бойынша "BBB-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар (есепке берілген күні бойынша неғұрлым кеш рейтинг (жаңарту немесе растау) алынады)	–	+
10.	Егер мұндай рұқсат (лицензия немесе құқық) қолданылатын заңнамада көзделген болса, шетелдік реттеуші орган берген шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруды қоса алғанда, бағалы қағаздардан өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға қолданыстағы рұқсаттың (лицензияның немесе құқықтың) болуы	+	–
11.	Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға шетелдік реттеуші орган берген қолданыстағы рұқсаттың (лицензияның немесе құқықтың) болуы	–	+
12.	Егер мұндай талаптар қолданылатын заңнамада көзделген болса, атқарушы орган мен басқару органы мүшелерінің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі бойынша шетелдік реттеуші органның мақұлдауының болуы	+	+
13.	Тіркелген биржаның электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушылардың тізіліміне енгізілуі (электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушылар үшін)	+	+

Кестеге ескертпе

2 және 3-бағандардағы "+" бағандарда көрсетілген клирингілік қатысушыларға (клирингілік қатысушыларға) кандидаттарға қойылатын талапты білдіреді; "-" – талап бағандарда көрсетілген клирингілік қатысушыларға (клирингілік қатысушыларға) кандидаттарға қолданылмайды.

3-кесте. АХҚО қатысушылары үшін

р/с №	Талаптың атауы	Валюта нарығы	Қор нарығы, деривативтер нарығы
А.	1	2	3
1.	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ қор биржасына мүшелікке арналған "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 360 қаулысымен белгіленген талаптарға (критерийлерге) сәйкес келетін заңды тұлға болу	+	+
2.	Америка Құрама Штаттарында қолданылатын халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының немесе қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асыру	+	+
3.	Клирингілік қатысушы мәртебесін алу туралы өтініш берілген күнге дейін кемінде күнтізбелік бір жыл құқық (лицензия немесе рұқсат) негізінде қызметті жүзеге асыру	+	+
4.	Атқарушы орган мүшелерінің және басқару органының қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі бойынша АХҚО реттеуші органының мақұлдауының болуы	+	+
5.	Меншікті капиталдың 500 000 (бес жүз мың) АҚШ долларына баламалы мөлшерінің, бірақ меншікті активтердің кемінде 8% болуы	+	+
6.	Клирингілік қатысушыға және/немесе оның қатысушыларына/акционерлеріне/лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ түпкілікті бенефициарларға қатысты санкциялық шектеулердің болмауы	+	+
7.	Өз бөлігінде IOSCO ұсынған не Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актісінде не АХҚО-ның реттеуші органы белгілеген бағалы қағаздар нарығының брокерлері – дилерлері үшін тәуекел-менеджментін ұйымдастыру жөніндегі ережелерге сәйкес келетін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы	+	+

Клирингілік қатысушылар туралы
қағидаға

2-қосымша

[өтініштің шығыс нөмірі мен күні көрсетілген фирмалық бланкіде түсініктеме жойылсын]

<p align="center">Клирингілік қатысушы мәртебесін беру және клирингілік қызмет көрсету туралы шартқа қосылу туралы ӨТІНІШ (бұдан әрі – Өтініш)</p>	<p align="center">З А Я В Л Е Н И Е о присвоении статуса клирингового участника и присоединении к договору о клиринговом и расчетном обслуживании (далее – Заявление)</p>
<p>Осы Өтінішті бере отырып, "KASE клиринг орталығы" АҚ-нан (бұдан әрі – Клиринг орталығы)</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p><i>[жарғыға және әділет органдарында заңды тұлғаны тіркеуге (қайта тіркеуге) сәйкес клирингілік қатысушы мәртебесін беруге кандидаттың толық және қысқартылған атауын (орыс, мемлекеттік және өзге тілдерде), БСН көрсету, түсіндірме алып тасталсын]</i> (бұдан әрі – кандидат) клирингілік қатысушы мәртебесін беруді сұраймын [қажеттісін белгілеңіз]:</p> <p>Санат [қажеттісін белгілеңіз]:</p> <p><input type="checkbox"/> "валюталы"</p> <p><input type="checkbox"/> "жартылай қамтамасыз етумен"</p> <p><input type="checkbox"/> "толық қамтылған"</p> <p><input type="checkbox"/> "деривативтер "</p> <p><input type="checkbox"/> "жартылай қамтамасыз етумен"</p> <p><input type="checkbox"/> "толық қамтылған"</p> <p><input type="checkbox"/> "қор"</p> <p><input type="checkbox"/> "жартылай қамтамасыз етумен"</p> <p><input type="checkbox"/> "толық қамтылған"</p> <p>Алаң [қажеттісін белгілеңіз]:</p> <p><input type="checkbox"/> KASE биржалық</p>	<p>Настоящим Заявлением просим АО "Клиринговый центр KASE" (далее – Клиринговый центр) присвоить</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p><i>[указать полное и сокращенное наименование (на русском, государственном и ином языках) кандидата на присвоение статуса клирингового участника в соответствии с уставом и произведенной регистрацией (перерегистрацией) юридического лица в органах юстиции, БИН комментарий удалить]</i> (далее – кандидат) статус клирингового участника [отметить нужно]:</p> <p>Категория [отметить нужно]:</p> <p><input type="checkbox"/> "валютная"</p> <p><input type="checkbox"/> "с частичным обеспечением"</p> <p><input type="checkbox"/> "с полным покрытием"</p> <p><input type="checkbox"/> "деривативы "</p> <p><input type="checkbox"/> "с частичным обеспечением"</p> <p><input type="checkbox"/> "с полным покрытием"</p> <p><input type="checkbox"/> "фондовая"</p> <p><input type="checkbox"/> "с частичным обеспечением"</p> <p><input type="checkbox"/> "с полным покрытием"</p> <p>Площадка [отметить нужно]:</p>

<input type="checkbox"/> Сауда-саттық ортасы (NtPro биржадан тыс өзге жүйелер) <input type="checkbox"/> Электрондық сауда-саттық жүйесі (Tabadul platform)	<input type="checkbox"/> Биржевая KASE <input type="checkbox"/> Торговая среда (NtPro и иные внебиржевые системы) <input type="checkbox"/> Система электронных торгов (Tabadul platform)
<p>Осы Өтінішке қол қоя отырып, төмендегіні мәлімдейміз:</p>	<p>Подписывая настоящее Заявление, подтверждаем, что:</p>
<ul style="list-style-type: none"> – Клиринг орталығының ресми интернет-ресурсында орналастырылған Клиринг және есеп айырысу жөнінен қызмет көрсету туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) талаптарымен таныстық және оларға сөзсіз қосыламыз; – Клиринг орталығының ресми интернет-ресурсында жарияланған Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүргізу ережелерімен (бұдан әрі – Клиринг ережелері), Клирингілік қатысушылар туралы қағидамен, Клирингілік алымдар және тұрақсыздық айыбы туралы қағидамен және Қор нарығында орталық контрагентпен жасалатын мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысу жүргізу ережелерімен, Валюта нарығында жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу ережелерімен, Деривативтер нарығында жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу ережелерімен, Биржалық сауда-саттық бойынша есеп айырысу кезінде ақшаны ішкі есепке алу және құжаттарды ресімдеу ережелерімен (бұдан әрі – Есеп айырысу ережелері) және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарымен және олардың қосымшаларымен таныстық; – Клиринг орталығының жоғарыда аталған ішкі құжаттарында белгіленген барлық шартпен және талаппен сөзсіз келісеміз және осы шарттар мен талаптарды сақтауға, оларды бұзған жағдайда толық жауапкершілік көтеруге міндеттенеміз; – Клиринг орталығына Биржа ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы беретін қажетті құжаттар мен ақпаратты алуға, оған қоса бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны ашып көрсетуге сөзсіз және қайтарып алынбайтын түрде келісімімізді береміз. 	<ul style="list-style-type: none"> – ознакомлены с условиями Договора о клиринговом и расчетном обслуживании (далее – Договор) размещенными на официальном интернет-ресурсе Клирингового центра и безусловно присоединяемся к ним, – предварительно ознакомлены с Правилами осуществления клиринговой деятельности по сделкам с финансовыми инструментами (далее – Правила клиринга), Положением о клиринговых участниках, Положением о клиринговых сборах и неустойках, Правилами осуществления денежных расчетов по сделкам с центральным контрагентом на фондовом рынке, Правилами осуществления расчетов по сделкам на валютном рынке, Правилами осуществления расчетов по сделкам на рынке деривативов, Правилами внутреннего учета денег и оформления документов при расчетах по биржевым торгам (далее – Правила расчетов) и иными внутренними документами Клирингового центра и приложениями у ним, размещенными на официальном интернет-ресурсе Клирингового центра ; – безусловно соглашаемся со всеми условиями и требованиями, установленными вышеперечисленными внутренними документами Клирингового центра, и обязуемся соблюдать эти условия и требования, нести полную ответственность за нарушение этих условий и требований; – безусловно и безотзывно даем согласие на получение необходимых документов и информации Клиринговым центром, передаваемых биржей посредством информационного взаимодействия, в том числе на раскрытие коммерческой тайны на рынке ценных бумаг; – принимаем все внесенные в последующем изменения и/или дополнения в Правила клиринга,

<p>– Клиринг ережелеріне, Клирингілік қатысушылар туралы қағидаға, Есеп айырысу ережелерінде және Клиринг орталығының клирингілік және есеп айырысу қызметіне қатысты Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарына енгізілген барлық өзгерісті және/немесе толықтыруды немесе олардың жаңа редакциясын қабылдаймыз;</p> <p>– қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша, кепілдік жарнаны (кепілдік жарналарды), қамтамасыз етуді енгізу (қосымша енгізу) бойынша міндеттемелерді уақытылы орындауға, клирингілік алымдарды, оларды есептеу кезінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеуге, сондай-ақ Клиринг ережелеріне, Клирингілік қатысушылар туралы қағидаға, Есеп айырысу ережелеріне, Клирингілік алымдар мен тұрақсыздық айыптары туралы қағидаға және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Клиринг орталығының басқа да төлемдерін жүзеге асыруға және (немесе) шығысын өтеуге міндеттенеміз.</p>	<p>Положение о клиринговых участниках, Правила расчетов или изложение их в новых редакциях, и иные внутренние документы Клирингового центра, в том числе относящиеся к клиринговой и расчетной деятельности Клирингового центра;</p> <p>– обязуемся своевременно выполнять обязательства по сделкам с финансовыми инструментами, по внесению (довнесению) гарантийного взноса (гарантийных взносов), обеспечения, уплачивать клиринговые сборы, неустойки (штрафы) при их начислении, а также осуществлять другие платежи и/или возмещать расходы Клирингового центра в соответствии с Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках, Правилами расчетов, Положением о клиринговых сборах и неустойках и иными внутренними документами Клирингового центра.</p>
<p>Осы Өтінішке қол қоя отырып, Клирингілік қатысушылар туралы қағиданың Клиринг орталығының кандидатқа клирингілік қатысушы (бұдан әрі – клирингілік қатысушы) мәртебесін беру туралы шешімі қолданысқа енгізілген күннен бастап Клиринг орталығымен Шарт жасалған болып есептелетіні туралы шартымен танысқанымызды және келісетінімізді мәлімдейміз.</p> <p>Осы Өтінішке қол қоя отырып, Шарттың мынадай талаптарымен танысқанымызды және келісетінімізді мәлімдейміз:</p> <p>Шарт Клиринг орталығы мен клирингілік қатысушының клиенттері арасындағы қатынастарды реттемейді;</p> <p>клирингілік қатысушының оның клиентімен (клиенттерімен), атап айтқанда, осындай клиенттің (осындай клиенттердің) мүдделері үшін мәміле жасасуға, олардан міндеттемелерді орындауға және (немесе) тоқтатуға, оның ішінде клиринг нәтижесінде туындайтын қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және клирингілік қатысушы мен оның клиенті (клиенттері) арасында жасалған шарттармен реттеледі;</p>	<p>Подписывая настоящее Заявление, заявляем, что ознакомлены и согласны с условием Положения о клиринговых участниках о том, что Договор считается заключенным с Клиринговым центром с даты введения в действие решения Клирингового центра о присвоении кандидату статуса клирингового участника (далее – клиринговый участник).</p> <p>Подписывая настоящее Заявление, заявляем, что ознакомлены и согласны со следующими условиями Договора:</p> <p>Договор не регулирует отношения между Клиринговым центром и клиентами клирингового участника;</p> <p>отношения клирингового участника с его клиентом (клиентами), возникающие, в частности, в связи с совершением сделок в интересах такого клиента (таких клиентов), исполнением и/или прекращением обязательств из них, в том числе в результате клиринга, регулируются законодательством Республики Казахстан и договорами, заключенными между клиринговым участником и его клиентом (клиентами);</p> <p>клиринговый участник несет самостоятельно (без привлечения Клирингового центра)</p>

<p>клирингілік қатысушы өз мүддесі үшін мәміле жасауға байланысты, оның ішінде олар бойынша міндеттемелерді орындауға және (немесе) тоқтатуға, сондай-ақ клирингілік қатысушының Клиринг ережелерінің қағидаларын қолдануына қатысты қандай да бір мәселелер туындаған кезде өз клиенттері алдында дербес (Клиринг орталығын қатыстырмай) жауапты болады;</p> <p>Клиринг орталығы клиринг қорытындысы бойынша есеп айырысу жүргізуге, клирингілік қатысушының, оның ішінде Клиринг орталығының пайдасына клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерін Клиринг ережелерінде, Клирингілік қатысушылар туралы қағидада, Клирингілік алымдар мен тұрақсыздық айыбы туралы қағидада және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен анықтауға құқылы.</p> <p>Клирингілік қатысушы Клирингілік орталықтың осы өтініште және клирингілік орталықтың ішкі құжаттарында көрсетілген іс-қимылдарды жүзеге асыруына өзінің келісімін береді;</p> <p>Клирингілік қатысушы Шартқа енгізілетін өзгерістерге немесе Шарттың жалпы жаңа редакцияда жазылуына қосылуға өзінің келісімін береді және Клирингілік қатысушы Клиринг орталығының интернет-ресурсын қарау арқылы Шарттың редакциясының өзгеруін, соған қоса оған енгізілетін өзгерістерді дербес қадағалайтынына келіседі.</p> <p>Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында алшақтық болған жағдайда, Шарт талаптарын түсіндірген кезде орыс тіліндегі мәтінде келтірілген талаптар басым күшке ие болады.</p>	<p>ответственность перед своими клиентами при возникновении каких-либо вопросов, связанных с совершением сделок в их интересах, в том числе касающихся исполнения и/или прекращения обязательств по ним, а также применения клиринговым участником положений Правил клиринга и Правил расчетов;</p> <p>Клиринговый центр вправе осуществлять расчеты по итогам клиринга, определять обязательства Клирингового участника, в том числе по уплате клиринговых сборов в пользу Клирингового центра, а также в пользу биржи, в порядке, установленном Правилами клиринга, Правилами расчетов, Положением о клиринговых участниках, Положением о клиринговых сборах и неустойках, и иными внутренними документами Клирингового центра;</p> <p>клиринговый участник дает свое согласие на осуществление Клиринговым центром указанных в настоящем Заявлении и внутренних документах Клирингового центра действий;</p> <p>клиринговый участник дает свое согласие на присоединение к изменениям в Договор или изложение Договора в новой редакции в целом и согласен с тем, что клиринговый участник самостоятельно отслеживает изменение редакции Договора, включая приложения к нему, посредством просмотра интернет-ресурса Клирингового центра.</p> <p>В случае разночтения Договора на государственном и русском языках, преимущественную силу при толковании условий Договора имеют условия, изложенные в тексте Договора на русском языке.</p>
--	--

Кандидат:

жарғыға және заңды тұлғаны әділет органдарында тіркеуге (қайта тіркеуге) сәйкес клирингілік қатысушы мәртебесін алуға кандидаттың толық және қысқартылған атауын көрсету қажет] / указать полное и сокращенное наименование кандидата на приобретение статуса клирингового участника в соответствии с уставом и произведенной регистрацией (перерегистрацией) юридического лица в органах юстиции

_____/БСН/ БИН:

_____/банктік деректемелер^/ банковские реквизиты

_____/орналасқан мекенжайы (әділет органдарында тіркелген мәліметтерге сәйкес пошталық және нақты мекенжайы) / _____/ адрес местонахождения (почтовый адрес

Клирингілік қатысушылар туралы қағида

согласно сведения, зарегистрированным в органах юстиции и фактический:

_____/e-mail

_____/телефондар: байланыс / телефоны: контактный _____, ұялы байланыс/ мобильной связи:

[Бірінші басшының лауазымы]
[Должность первого руководителя]

[қолы]
[подпись]

[тегі, аты-жөні]
[фамилия, инициалы]

_____/Клиринг орталығының Өтініштің қабылданғаны туралы белгісі:

* _____ (Өтінішті қабылдаған адамның аты-жөнін, лауазымын көрсетіп, қолы мен мөрін қойып, түсіндірмені алып тастау керек / проставить фамилию и инициалы, должность, подпись лица, принявшего Заявление, комментарий удалить)

* _____ қолы/подпись

М.О./М.П.

" " 20 ж/г.

Клиринг орталығының деректемелері / Реквизиты Клирингового центра:

Тіркелген мекенжайы: А15G7M6, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 5-қабат, 502-кабинет. /Адрес места регистрации: А15G7M6, г. Алматы, ул. Байзакова, 280, северная башня многофункционального комплекса "Almaty Towers", 5-й этаж, кабинет 502.

3-қосымша

Клирингілік қатысушылар туралы ережеге

**"KASE клиринг орталығы" АҚ клирингілік қатысушысы мәртебесін алу үшін
кандидаттың ұсынуына жататын құжаттардың
ТІЗБЕСІ**

р/с №	Құжаттың атауы	Ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар	Ескертпелер
А	1	2	3
1	Сауалнамада көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды ұйымдастыру мәселелері жөніндегі сауалнама	Сауалнамада көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттар төлнұсқалар (түпнұсқалар) не нотариалды куәландырылған (апостиль қойылған*) көшірмелер түрінде ұсынылуы тиіс	Клиринг орталығы белгілеген нысан бойынша, интернет-ресурста қол жетімді
2	Халықаралық экономикалық санкциялар (санкциялық шектеулер) тәртіптемесінің сақталуын қамтамасыз ету бөлігінде ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелері жөніндегі сауалнама		Клиринг орталығы белгілеген нысан бойынша, интернет-ресурста қол жетімді
3.	Халықаралық экономикалық санкциялар (санкциялық шектеулер) тәртіптемесін сақтау туралы растау-хат		Клиринг орталығы белгілеген нысан бойынша, интернет-ресурста қол жетімді
4.	Кандидаттың тіркеу елінің уәкілетті органы белгілеген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын минималды талаптарға сәйкестігі туралы растау-хат		Клирингілік қатысушылар туралы қағидаға 8-қосымшаның нысаны бойынша тәуекелдерді басқару жүйесінің өзін-өзі бағалау картасы қоса берілген еркін нысанда
5.	Тіркелген елдің уәкілетті органы кандидатқа берген және кандидаттың ұлттық және/немесе шетел валютасында банк	Лицензияның немесе өзге де құжаттың көшірмесі олардың нотариат куәландырған (апостиль қойылған*)	

Клирингілік қатысушылар туралы қағида

	операцияларын жүргізуге, оның ішінде мәмілелер жасауға құқығын растайтын қолданыстағы лицензия (айырбастау операцияларын жүзеге асыру) не шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензия (қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруды қоспағанда) не кандидатқа шетел валютасымен мәмілелер жасауға (айырбастау операцияларын жүзеге асыруға) құқық беретін өзге де құжат	қағаз нұсқаларының сканерленген көшірмесі болуы және/немесе электрондық түрде ұсынылуы тиіс	
6.	Аудиторлық есеппен расталған соңғы аяқталған қаржы жылының жылдық қаржылық есептілігі (еншілес ұйым (еншілес ұйымдар) болған жағдайда – кандидаттың шоғырландырылған қаржылық есептілігі және жеке қаржылық есептілігі)	Көрсетілген қаржылық есептілік халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жасалуға тиіс. Көрсетілген құжаттардың көшірмелері: 1) тігілген, нөмірленген, биржамен және/немесе Клиринг орталығымен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті тұлға қол қойған; 2) электрондық түрде ұсынылған және осы құжаттардың қағаз нұсқасының сканерленген көшірмелері болуы тиіс	Егер клирингілік қатысушыларға қабылдау туралы өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы алғашқы төрт ай ішінде берілген болса, соңғы аяқталған қаржы жылының алдындағы аяқталған қаржы жылы үшін көрсетілген қаржылық есептілікті ұсынуға жол беріледі.
7.	Клирингілік қатысушыларға қабылдау туралы өтініш берген күннің алдындағы есепті кезең үшін және уәкілетті бөлімшемен келісілген аралық қаржылық есептілік (еншілес ұйым (еншілес ұйымдар) болған жағдайда – кандидаттың шоғырландырылған қаржылық есептілігі және жеке қаржылық есептілігі)	Көрсетілген қаржылық есептілік халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жасалуға тиіс. Көрсетілген құжаттардың көшірмелері: 1) тігілген, нөмірленген, биржамен және Клиринг орталығымен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті тұлға қол қойған; 2) электрондық түрде ұсынылған және осы құжаттардың қағаз нұсқасының сканерленген көшірмелері болуы тиіс	Егер күнтізбелік жыл аяқталған күннен бастап клирингілік қатысушыларға қабылдау туралы өтініш берілген күнге дейін төрт айдан аз уақыт өтсе, ұсыну талап етілмейді.
8.	Клирингілік қатысушыларға қабылдау туралы өтініш берген айдың алдындағы күнтізбелік айдың соңғы күнінің соңындағы жағдай бойынша уәкілетті органның талаптарына сәйкес кандидат есептеген пруденциалдық нормативтердің мәндері	Мәліметтер тігілген, нөмірленген, биржамен және/немесе Клиринг орталығымен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті тұлға қол қойған болуы тиіс	

Клирингілік қатысушылар туралы қағида

	туралы мәліметтер (егер мұндай талаптар қолданылатын заңнамада көзделген жағдайда)		
9.	Биржа өткізетін сауда-саттықта жасалған мәмілелерді орындау мақсатында Клиринг орталығының есеп айырысуларын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ кандидаттың шоттарының деректемелері көрсетілген құжат		"Қор" санаты бойынша клирингілік қатысушыларға кандидаттарға ғана қолданылады
10.	Биржа өткізетін сауда-саттықта жасалған мәмілелерді орындау мақсатында Клиринг орталығының ақшалай есеп айырысуларын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын қазақстандық теңгедегі кандидаттың ағымдағы банктік шотының деректемелері көрсетілген құжат		
11	Кандидаттың бірінші басшысының және оның орынбасарларының, кандидаттың бас бухгалтерінің және оның орынбасарларының, кандидат атынан Клиринг орталығымен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті тұлғалардың қолдарының үлгілері бар құжат	Көрсетілген құжат нотариалды куәландырылуға (апостиль қойылуға*) тиіс	Егер қолданылатын заңнамада осы құжаттың болуы және/немесе осы немесе өзінің мақсаты бойынша ұқсас құжатта қол қою үлгілерінің түпнұсқалығын нотариалды куәландыру көзделмесе, онда осы немесе өзінің мақсаты бойынша ұқсас құжатта қол қою үлгілерінің түпнұсқалығы қолданылатын заңнамаға не осындай кандидаттың ішкі құжаттарына сәйкес куәландырылуға тиіс
12.	Біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде атқарушы органның және басқару органының мүшелерін тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісімінің/мақұлдауының көшірмесі (егер мұндай талаптар қолданылатын заңнамада көзделген жағдайда)	Келісім/мақұлдау көшірмесі электрондық түрде ұсынылуы, сондай-ақ осы құжаттың қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі болып табылуы тиіс	
13	Тіркеген биржаның кандидатты оның электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы	Биржаның (тіркеген биржаның) хатында мынадай мәліметтер болуға тиіс:	

Клирингілік қатысушылар туралы қағида

	хаты (электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушы кандидат үшін ғана)	1) биржадағы мүшеліктің санаты туралы; 2) биржа мүшелігіне кандидатты қабылдау күні туралы; 3) кандидат иеленетін сауда-саттыққа қатысу құқығы бар қаржы құралдары туралы; 4) хат жіберілген күннің алдындағы соңғы үш жыл ішінде кандидатқа биржаның қандай да бір ықпал ету шараларын қолдану жағдайларының болуы (болмауы) туралы; 5) кандидаттың осы биржаның талаптарына сәйкестігі туралы; 6) қашықтан рұқсаттамасы бар қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы	
--	--	--	--

Кестеге ескертпе:

*Қазақстан Республикасының бейрезидент кандидаттар үшін – құжаттарға апостиль қою.

Клирингілік қатысушылар туралы
қағидаға

4-қосымша

[өтініштің шығыс нөмірі мен күні көрсетілген фирмалық бланкіде]

"KASE клиринг
орталығы" АҚ

**Құпия ақпарат алуға
КЕЛІСІМ**

Клирингілік қатысушы **[клирингілік қатысушының мемлекеттік тіркеу (соңғы мемлекеттік қайта тіркеу) туралы куәлігіне сәйкес толық атауы]** (бұдан әрі – Клирингілік қатысушы) осы келісімге қол қоя отырып, "KASE клиринг орталығы" АҚ-на (бұдан әрі – Клиринг орталығы) Клиринг орталығының Клирингілік және есептік қызмет көрсету туралы шарттың 8-тармағының 8.3) тармақшасына сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушыдан және есеп айырысу ұйымынан орталық контрагенттің клирингі, есеп айырысуды және функцияларын орындауды жүзеге асыру үшін қажетті және жеткілікті клирингілік қатысушы және оның клиенттері туралы құпия ақпаратты, соның ішінде, бірақ шектелмей, Клирингілік қатысушының жеке шоттарындағы сауда-саттық жүйелеріне берілген өтінімдер, жасалған мәмілелер, қалдықтар және қозғалыс туралы ақпаратты алуына қайтарымыз және сөзсіз келісімін береді. Клирингілік қатысушы өзінің барлық клиенттерінен Клиринг орталығының құпия ақпаратты алуына тиісті келісім, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге және Клиринг орталығына беруге келісім алғанын растайды.

Клирингілік қатысушы – электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушы тіркеген биржаның Клиринг орталығына құпия ақпарат беруіне өзінің келісімін растайды.

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[тегі, аты-жөні]

<p align="center">Клиринг және есеп айырысу қызметін көрсету туралы Ш А Р Т (бұдан әрі – Шарт)</p>	<p align="center">ДОГОВОР о клиринговом и расчетном обслуживании (далее – Договор)</p>
<p>Шарт қосылу шарты болып табылады және "KASE клиринг орталығы" АҚ-тың Клирингілік қатысушыларға клиринг және есеп айырысу жөнінен қызмет көрсетудің стандартты талаптарын айқындайды).</p>	<p>Договор является договором присоединения и определяет стандартные условия оказания АО "Клиринговый центр KASE" услуг Клиринговым участникам по клиринговому и расчетному обслуживанию.</p>
<p>1. Терминдер мен анықтамалар</p> <p>Клиринг орталығы – "KASE клиринг орталығы" АҚ;</p> <p>Шартқа қосылу туралы өтініш – Клирингілік қатысушы толтырған Клиринг орталығы нысаны бойынша Клирингілік қатысушының Шартқа қосылу туралы жазбаша өтініші;</p> <p>Клирингілік қатысушы – Клирингілік қатысушылар туралы қағидаға сәйкес Клирингілік қатысушы мәртебесін алған, Клиринг орталығы берген және қабылдаған Шартқа қосылу туралы Өтініш негізінде Шартқа қосылған заңды тұлға;</p> <p>Клиринг ережелері – Клиринг орталығының "Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері» атты ішкі құжаты;</p> <p>Тараптар – Клиринг орталығы және Клирингілік қатысушы.</p> <p>Есеп айырысу ережелері – Клиринг орталығының ішкі құжаттары: "Қор нарығында орталық контрагенттің қатысуымен жасалатын мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысу жүргізу ережесі", "Валюта нарығындағы мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу ережесі", "Деривативтер нарығындағы мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу ережесі"; "Биржалық сауда-саттық бойынша есеп айырысу кезінде ақшаны ішкі есепке алу және құжаттарды ресімдеу қағидалары"</p> <p>Есеп айырысу жөнінен қызмет көрсету – орталық контрагентпен жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу жөніндегі қызметтер.</p> <p>Техникалық ақау туралы қағида – Клиринг орталығының "Техникалық ақау туындаған кезде мәселелерді шешу туралы қағида" атты ішкі құжаты.</p> <p>Шартта қамтылған ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының интернет-ресурсында</p>	<p>1. Термины и определения</p> <p>Клиринговый центр – АО "Клиринговый центр KASE";</p> <p>Заявление о присоединении к Договору – письменное заявление Клирингового участника по форме Клирингового центра о присоединении к Договору, заполненное Клиринговым участником;</p> <p>Клиринговый участник – юридическое лицо, получившее статус клирингового участника в соответствии с Положением о клиринговых участниках, присоединившееся к Договору на основании поданного и принятого Клиринговым центром Заявления о присоединении к Договору;</p> <p>Правила клиринга – внутренний документ Клирингового центра "Правила осуществления клиринговой деятельности по сделкам с финансовыми инструментами";</p> <p>Стороны – Клиринговый центр и Клиринговый участник;</p> <p>Правила расчетов – внутренние документы Клирингового центра: "Правила осуществления денежных расчетов по сделкам с центральным контрагентом на фондовом рынке", "Правила осуществления расчетов по сделкам на валютном рынке", "Правила осуществления расчетов по сделкам на рынке деривативов"; "Правила внутреннего учета денег и оформления документов при расчетах по биржевым торгам;</p> <p>Расчетное обслуживание – услуги по осуществлению денежных расчетов по сделкам с центральным контрагентом.</p> <p>Положение о технических сбоях - внутренний документ Клирингового центра "Положение о разрешении вопросов при технических сбоях".</p> <p>Понятия и термины, содержащиеся в Договоре, используются в значениях, установленных законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Клирингового центра: "Правила клиринга", "Правила расчетов", "Положение о клиринговых участниках",</p>

<p>орналастырылған Клиринг орталығының ішкі құжаттарында: "Клиринг ережелерінде", "Есеп айырысу ережелерінде", "Клирингілік қатысушылар туралы қағидада", "Техникалық ақау туралы қағидада" белгіленген мағынада пайдаланылады .</p>	<p>"Положение о технических сбоях", размещенными на интернет-ресурсе Клирингового центра.</p>
